

Ж. М. Рзықбаев, магистрант, полиция майоры
Ғылыми жетекші — С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮЛІКТІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресу — бұл қылмыстылықтың ағымдағы себептері мен факторларымен және басқа да құбылыстарымен бірге болатын әлеуметтік саяси мәселе. Көптеген жылдар бойы бұл мәселеге тәжірибелі заңгерлер мен ғалымдар және осы тақырып бойынша әртүрлі сұрақтарын қарым-қатынасы бар басқа да субъектілер зерттеген. Республикамыздағы экономикалық дағдарыстар мен өзгерістер — бұл құқық бұзушылық пен қылмыс жасау әдісінің ең басты және негізгі себебі болып қала беруде.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығына байланысты мәселе көлеңкеде қалып отыр және оған жеткілікті көңіл аударылмаған. Дегенмен де, кәмелетке толмағандар қылмыстылығына қатысты мәселенің шешілуінде маңызды қадамдар жасалуда.

Қылмыспен күресу саясатында елімізде кәмелетке толмағандардың мүлікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресуге ерекше назар аударуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан — 2050» атты халыққа Жолдауында атап көрсетуі тегін емесⁱ.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы барлық қылмыстылықтардың жүйесінде дәстүрлі түрде өздерінің орны болғандығы қашан. Өткен ғасырдың 80-жылдарында кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлес салмағы 8—12 % құраса, 90-жылдары 16,4 %, ал ХХІ ғасырдың алғашқы 10 жылдығында орташа есеппен 10 % құрайды. Осы аталған қылмыстылықтардың тұрақтылығы жалпы қылмыстылықтардың ажырамас құрамдас бір бөлігі екендігінің дәлелі бола алады.

«Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы» деген ұғымды қалыптастыру үшін, оған қатысты ең алдымен тектік атаулы «қылмыстылық» ұғымынан ажыратып алуымыз қажет. Қылмыстылық ұғымына тарихта бірнеше ғалымдар өздерінің әлінше анықтама беріп өткен болатын. Солардың бірі, дәстүрлі қалыптасқан, қолданыстағы, қазақстандық заңгер ғалым, профессор, академик Е. І. Қайыржановтың анықтамасын негіздеуімізге боладыⁱⁱ. Сол анықтаманың негізінде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын — әлеуметтік-құқықтық мәні бар, бұқаралық құбылысқа қатысты, қылмыстық заңмен тыйым салынған қоғамға қауіпті әрекеттердің жиынтығын құрайтын, қылмыстық құқық бұзушылық жасау сәтінде кәмелетке толмаған адамдар әрекеті.

Өткен жылдардың статистикалық мәліметтерін зерттеу барысында кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық заңмен тыйым салынған қоғамға қауіпті әрекеттерінің басым бөлігін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-тарауында қаралған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды құрайды. Бұл қылмыстардың үлес салмағын әр жылдармен салыстырғанда барлық қылмыстардан 68,1 %-дан— 91,5 %-ға дейін өзгермелілігі бар. Мысалы, 1980 жылдары кәмелетке толмағандар

қылмыстарының үштен екісін ұрлық құраған, оның ішінде басым бөлігі жеке меншікке қатысты ұрлық, тонау және автокөлікті айдап әкету болған. 1990 жылдары кәмелетке толмағандардың қылмыстарының негізгі жүйесін ұрлық, тонау, қарақшылық 3/2 бөлігіне тиесілі болған.

Қазіргі криминологиялық зерттеулерде кәмелетке толмағандардың тіркелген қылмыстарындағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары өткен жылдардағыдай басымдықта болып, 75—90 % құраған, олардың алдыңғы қатарында әдетте (60 %) ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, мүлікке зиян келтіру немесе оған қауіп төндіру. Мұндай қылмыстардың көптілігін (статистикалық тұрақты, белгілі бір аумақта немесе белгілі бір уақыт аралығында жасалған меншікке қарсы біртекті қасақана қылмыстық құқық бұзушылықтар), және осы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған тұлғалар жинақтала келе өзінің кәмелетке толмағандар қылмыстарының құрамдас бөлігін топтастырады.

Криминологиялық әдебиеттерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-тарауында қаралған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының мазмұнында негізгі болып қаралған бұқаралық әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды тұтас қалыптастыруда, соған қоса, осындай әрекеттер жасаған тұлғалар жөнінде ғалымдардың арасында біртекті пікір жоқ. Бір авторлар Қазақстан Республикасы ҚК 6-тарауын «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» — деп нақты атаса, басқалары — «пайдакүнемдік қылмыстылық» терминін қолданады, енді біреулері — «мүліктік қылмыстылық» терминімен атайды.

Тіпті Қазақстан Республикасы ҚК берілген қоғамға қауіпті қол сұғушылық «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» — деген бір терминмен аталған, ал, криминологияда әр түрлі атаулармен берілген: «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар», «жалпы қылмыстық пайдакүнемдік мақсаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар», «пайдакүнемдік мүліктік құқық бұзушылықтар», «пайдакүнемдік қылмыстар» — деп те қарастырылып жүр. Терминологияның бұндай көптілігі өз кезегінде, зерттелетін қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлерін зерттеуге, мәнін түсінуге кедергі болады.

ⁱ Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz

ⁱⁱ Кайыржанов Е. И. Криминология. Общая часть. — Алматы, 1995.